

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
Ұлттық ғылым академиясының
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

**SERIES
OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

2 (330)

MARCH – APRIL 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

Балықбаев Т.О.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

экон. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрібаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., академик НАН РК **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Дербісәлі А.**; саяси. ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қажыбек Е.З.**

Р е д а к ц и я к е н е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайжан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

Почетный член НАН РК

Т.О. Балыкбаев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Саби-кенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абуseitова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Бай-танаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Кой-гельдиев**; докт. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. филол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**; доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК **Қажыбек Е.З.**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 500 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020 г.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

Honorary member of NAS RK

Balykbayev T.O

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Naribayev K.N.** (deputy editor-in-chief); doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kazhybek E.Z.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 500 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.58>

Volume 2, Number 330 (2020), 212 – 217

MPНТИ 17.09.09

Г. С. Оралова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан.

E-mail: gulzi-oralova@mail.ru

ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ҚОРҚЫТ ДӘСТҮРІ

Аннотация. Бұл мақалада түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, әдебиеті әлі де жан-жақты, кешенді түрде зерттеуді қажет ететіні айтылған. Әр кезеңнің, әр дәуірдің өз шежіресі бар. Мақалада қай дәуірде де тарихи пікір алысуларға лайық болып, халықтың шынайы қабылдауына ие болған, ұрпақтардың үздіксіз жалғасқан барлық кезеңдердегі өкілдерінің бәрінен де жүректе-рінен орын алған туындылар нағыз көркемдік мұра тұғырындағы мәнімен бағаланатыны айтылған.

Байырғы ата-бабалық аймақтарда, өлкелерде мекендеген халықтардың фольклоры мен әдебиетінің мұралары халықтық көркемдік таным, талғам өлшемі арқылы сақталғаны түсіндірілген.

Халқымыздың мәдениеті мен дүниетанымын, елдік пен рухани қайнарларымызды танытатын дүниелеріміздің бірі – «Қорқыт» мұраларының бүгінге жалғасқан көркемдік дәстүрі сөз болады. Сонымен бірге Қорқыт дәстүрінің Сыр бойында жаңаша дәстүрде дамып, руханият әлемінде орын тапқаны талданған. Қорқыт көтерген идея, ол іздеген мәңгілік рухани өмір кеше де, бүгін де Сыр елі ақын-жырауларының шығармашылығына бастау болғаны баяндалған. Жыр-дастандарды орындауда қобызбен, домбырамен қосылып жырлаумен қатар, әуезді әуенге салып, аспапсыз жырлау және аңыз-әңгіме түрінде баяндау ерекшеліктерінің қалыптасуында Қорқыт мұрасы – рухани дүниемізді байыта түскен асыл қазына болғандығы талданған.

Түйін сөздер: Көркемдік таным, дәстүр жалғастығы, жаңашылдық, фольклор, көркемдік мұра, рухани дүние, тарихи шындық, тарихи деректер, Сыр өңірі, жыраулық өнер.

Түркі халықтарының тарихын жекелеген ұлт тарихы құрайды. Әр халықтың рухани күші оның әдебиетінде көрінеді. Қандай халық болсын, сөз өнері жоқ ел болмайды. Халық өмірінің айнасы саналатын ауыз әдебиетінен бастап, сөз өнерінің өзге де жанрларынан сол елдің дүниетанымы, рухани дамуы, арман-мүддесі, әлеуметтік, қоғамдық көзқарастары көрінеді. Түбі бір түркі халықтарының ежелгі дәуірлеріне қатысты біршама зерттеулер жасалды. Елбасы Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларындағы негізгі бағыттарының жүзеге асырылу барысында да түркі әлемінің тарихына және тәуелсіз Қазақстанның дамуына арналған бірнеше кітап пен туынды жарыққа шықты. Түркі халықтарының шынайы тарихы әлі зерттеліп, жазылып болған жоқ. Тарихи шындықты танып-білмей, болашақтың көкжиегі танылмайды. Осы кезеңге дейінгі жазылған зерттеу еңбектерін, ғылыми жетістіктерді қорытып, түркі халықтары туралы жазылған басқа мемлекеттердің архив материалдары жүйелі қарастырылу керек. Түркі халықтарының бір-бірімен байланысы ежелгі көне мұраларда жатыр. Сан ғасырлар бойы түркі халықтарының бір-бірімен ықпалдастығы үзілгенімен, олар жасаған ортақ рухани мұралар ұрпақтан ұрпаққа сақталып, әдебиетіміздегі дәстүр жалғастығы үзілмегенін байқаймыз. Бүгінде түркі халықтарының ортақ әдеби мұраларын талдап көрсететін еңбектерге қажеттілік туып отыр. Түркі халықтарының көне дәуірлердегі мұралары ғасырларға жалғасып, бүгінгі заманға жетті, енді болашаққа да ұласары күмәнсіз. Бұл – түркі халықтарының мәңгілік жасайтын қазынасы, көркемдік мұрасы. Әдебиеттанушы ғалым М. Базарбаев «Көркемдік мұра» атты еңбегінде жалпы адамзаттық мәні бар құндылықтардың тарихи поэтика тұрғысындағы маңыздылығына ғылыми баға береді:

«Көркемдік мұра – мәңгі құндылық болып есептелетін біздің осы дәуірімізге дейін ұрпақтан-ұрпаққа сақталынып келе жатқан өлмес, өте құнды мәдени мұра. Көркемдік мұраның құндылығының өзі осы өміршендігінде, шығармада көтерілген мақсаттың ескірмейтіндігінде, яғни мәселенің мәңгілігінде, мазмұн мен тіршілік бар жерде мәңгі болатын тартыста, бүкіл адамзат мүддесі қорғалатындығында. ... біздің бүгінгі жетіп отырған әдеби, мәдени, рухани мол мұраларымыз сол көне ғасырларда туып, тамырын кеңге жайған, сөйтіп ғасырлар, жылдар бойы дамып, сұрыпталған дәстүрлер, асыл қазыналар. Және халықтың жүрегіне жеткен туынды ғана мәңгі өмір сүре алады.

... Бастапқыда жеке адамның ғана жеке меншігіндегі зат ретіндегі шығарма бертін келе бүкіл адамзаттың мақсат-мұратын көксегендіктен, өмір-бақи, қай дәуірде де тарихи пікір алысуларға лайық болып, келешек ұрпақтың рухани қажеттілігіне жарап жатқандықтан, мәңгілік құндылыққа ие болып, әдебиетіміздегі көркемдік мұра болып табылары хақ» [1, 117].

Демек, қазақ әдебиетінің де байырғы замандардан басталған көп ғасырлар бойы үздіксіз қозғалыста келе жатқан дамуы жолындағы сөз өнері шығармаларын мәңгілік рухани құндылық тұрғысында бағалаймыз. Халықтың шынайы қабылдауына ие болған, ұрпақтардың үздіксіз жалғасқан барлық кезеңдердегі өкілдерінің бәрінің де жүректерінен орын алған туындылар нағыз көркемдік мұра тұғырындағы маңыздылығымен бағаланады.

Байырғы ата-бабалық аймақтарда, өлкелерде мекендеген қазақ халқының фольклоры мен әдебиетінің мұралары осындай халықтық көркемдік таным, талғам өлшемі арқылы сақталды.

Әр кезеңнің, әр дәуірдің өз шежіресі бар. Халқымыздың мәдениеті мен дүниетанымының, елдік дәстүріміз бен рухани қайнарларымызды танытатын дүниелеріміздің бірі – «Қорқыт» мұралары. Бүгінде фольклортану, түркітану ғылымдарында көне ғасырдағы оғыз-қыпшақ мәдениетіне қатысты зерттеулер аз емес. Қорқыт есімі, Қорқыттан қалған әдеби-мәдени мұралар ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Шежіре, тарихи деректер, зерттеушілер еңбектері арқылы Қорқыттың 8 ғасырда Сыр бойында өмір сүрген аңыз кейіпкері, күйші, батыр, атақты ақын, ел басқарған көреген данышпан, болашақты болжаушы болғандығын танып білеміз. Ә. Марғұлан зертеулерінде «Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батағөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжап сөлеген сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Азиядағы түркі тектес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыз-легендалар, ән-күйлер қазақ пен түркімендерде көбірек жолығады» [2]. Қорқыт барлық ақын-жыраулардың, жыршылардың, күйшілердің, бақсылардың ұлы ұстазы ретінде саналады. Ол – қара қобызбен тамылжытып күй тартып, қобызды түркі жұртының аруақты аспабына айналдырған ұлы күйші, түркі музыка өнерінің негізін қалаушысы. Ұлттық сананы жаңғыртуда біз түркі халықтарына ортақ мұралардың құндылығына баса назар аударуымыз қажет деп білеміз. Т.Б. Гафурбеков, А.Қ. Омарова, А.Ж. Казтуганова «Жаһандық дәуірдегі қазақ дәстүрлі музыка мәдениетінің жаңғыруы» мақаласында рухани жаңғыру аясында тұлғалар мен тарихи деректерді ғылыми негіздеу мәселесін байыптайды: «Елбасы, Н. Назарбаев: "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында екі ережені түсініп, байыбына барғанды қалайтынын айтып: "Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» – деген. Мұнда берілген, дәстүрлі музыкадағы «ұлттық код» пен «ұлттық мәдениеттің» жаһандық дәуірде жаңғыруы тарапынан қарастырып, кертартпа тұстарын анықтап, бәсекелестікке қабілетті озық жетістіктерді белгілеу осы тақырыпты зерттеуге жетеледі. Ғылыми зерттеу шеңберінде нысан ретінде талдауға алынатын туынды, тұлға-композитор / орындаушы / дирижер және ұжымдар жалқыдан жалпыға қарай жетелейтін индуктивті әдіспен жүзеге асырылады. Сонымен қатар тиісті тұстарында салыстырмалы-сараптау әдістің және жүйелі талдаудың сыннан өткен қағидалары қолданылады». [3]

Қорқыттың өмірде болғандығы, бүкіл түркі жұрты бөлшектенбей тұрған заманда, шамамен VII-IX ғасырда Сыр бойында өмір сүргені, яғни тарихи тұлға екендігі еш күмән тудырмайды. Бұл осы кезеңге дейін жинақталған ғылыми деректер дәйегімен де бекітіле түседі. Бүкіл түркі дүниесінің ғұлама ойшылы Қорқыт атаның артында қалдырған мұрасы – рухани дүниемізді байыта

түсетін асыл қазына. Әлемдік ақыл-ой тарихындағы оқшау тұлға есімімен түркі жұртына ортақ имандылық пен сыйластық, әдептілік пен ізеттілік өлшемдері қатар аталады. Қорқыттың пәлсапасы – өмір пәлсапасы. Даналық бесігінің иіріміндегі нақты түйін – адамзат тіршілігі, оның мәні, өтпелілігі немесе мәңгілігі.

Қорқыт есімімен тікелей қолданылатын анықтама сөздер ата, деде, әулие, бақсы, дана не болмаса ер, баба, пір эпитеттері ғана емес, ұлы ойшылдың болмысын айқындай түсетін ұстаз деген де ұғым бар. Түркі халықтарының ортақ дәуірін ауыз әдебиетінде жырлаған жамақшы, жырау, ақын, озан, ашық, меддақ, қыссахан, шехнамехан сияқты қасиет иелерінің ұстазы да Қорқыт болып есептеледі. Қорқыт жырларындағы ерлік пен отаншылдық, әдептілік пен ізгілік, сабырлылық пен төзімділік сынды асыл қасиеттер қазақ ақын-жырауларының (оның ішінде Сыр елі ақын-жырауларына да тән) ғасырлардан ғасырларға жалғастыра жырлап келе жатқан тақырыбы. Академик Ә.Марғұлан өзінің зерттеу еңбегінде «Қорқытты қазақ аңыздарында кеменгер ұстаз, ақылшы данагөй, асқан жырау, болашақты болжайтын ойшыл, күйшілердің ұлы атасы деп санаушылық ертеден қалыптасқан ұғым екенін» атап көрсетеді. (Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр аңыздар» 1984, 144-бет) Қорқыт мұрасын қазақ ақын-жазушыларына жақындастыра түсетін тағы бір түсінік – пәлсапалық тұжырымдар. Яғни, Қорқыттан бастау алатын адам құндылықтары – өлім мен өмір арасындағы өлшемдер. Өлімнен қашып дүниелік болмысты түсінуге тырысқан Қорқыт идеясы бертін келе Абай тіліменен поэзияда өрнек тауып жатады.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі

(Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986. 212-бет).

Міне, өлімнен қашқанда Қорқыт іздеген рухани мәңгілік өмір. Бұл тақырыпты Сыр елі ақын-жырауларының да басым жырлағаны белгілі. Бұған Нұртуғанның накыл сөздерін, Тұрмағанбеттің ғақлиялық пайымдауларын, Балқы Базардың, Қарасақал Ерiмбеттердің пәлсапалық тұжырымдарын оқыған сайын көз жеткіземіз. Қорқыттың артында мол мұра қалды. IX-X ғасырдан біздің дәуірімізге жеткен Қорқыт ата мұраларының өзі бір төбе. Қорқытанушылардың еңбектеріне сүйенсек, абыз атаның 400 мақал-мәтелі мен накыл сөздері, 12 жыр-дастаны мен күйлері поэтикалық әлемде үлкен із қалдырды. Ғасырлар қойнауынан қолға тиген Қорқыт мұралары, өзіндік із қалдырған Қорқыт дәстүрі Сыр бойы жыраулық өнерінің бастауы деп толық айта аламыз. Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдеріндегі ақындық поэзияның көркемдік дәстүрі ұлттық сөз өнеріндегі әдебиет тектерінің (эпос, лирика, драма) жанрларының молая өркендеуіндегі өзекті желі болды. Ал, сол көп жанрлы әдеби дамудың сипатында поэзияның ықпалдылығы үнемі сабақтасып отырды. Дәстүр жалғастығы IX ғасырдан XV-XIX ғасырларға бой түзеді. Сыр бойының даңғайыр жырау-шайырлары Кете Жүсіп Ешниязұлы, Қаңлы Жүсіп Қадырбергенұлы, Бітімбай Қондыұлы, Жүсіп Таубайұлы, Омар Шораяқұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуов сынды тұлғалар ауыз әдебиетінің үлгілерін жазбаша негіздеп, кейінгі ұрпаққа аманаттауда зор еңбек сіңірді. Ал ауыз әдебиеті өлеңдер ішінде Кете Ешнияз, Балқы Базар, Жиенбай жырау, Қарасақал Ерiмбет, Керейт Даңмұрын, Қыпшақ Бұзаубай, Тұрымбет пен Молдахмет жыраулар жыраулық дәуірдің жiбiн үзбей, фольклористика саласында сүбелi үлестерiн қосты. Әсiресе, жанрлық ерекшелiктерi дамып, өресiн кеңейттi. Ғалымдар Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Байдiлдаев өз еңбектерiне Қорқыт мұралары жөнiнде оның болжам-кеңес, көрген-бiлгендерiн кейiнгi ұрпаққа мұра етiп қалдыру үшiн жасы жетсе де ел кезiп, абыздық сипатта өз жырларын таратқанын тiлге тиек етедi. Қазақтың ақындық поэзиясының осындай қасиеттерiнiң ұлттық және әлемдiк әдеби дамумен де үндесетiн болмысы айқындалады.

Профессор С.Негимовтің пікірі бойынша халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дүниетаным байлығының ақындық поэзиядағы қамтылу болмысы:

«... шексіз кеңістіктің, табиғат дүниесінің және адамзат қоғамының барлық құбылыстарын, жай-күйін, қозғалысын, түр-түстерін, заттарын, байланыстарын қамтып, ішіне сыйғызып тұрады. Олардың бәрі де өлең тіліне түскен кезде көз алдыға әдемі суреттер келіп, өлең де оларды жатық бейнелеп, суретке түсіріп жатады. Мұның үстіне ақынның да жан-сарайы, болмыс-бітімі, философиялық, эстетикалық көзқарасы, интеллектуальдық, психологиялық ерекшеліктері поэзия

тіліне айнымай көшеді. Ақындар халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани – мәдени байлықтарын ана сүтіндей бойларына сіңіріп жатулары тиіс. Олар эпос тілінің дархан шалқарлығын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалған ділмәр поэзияны, символикалық белгілерді, көркемдік-мәнерлегіш құрал-әдіптемелердің алуан түрлі, сан қилы үлгілерін, қанатты, жатық тіркестерді меңгеруге, игеруге ұмтылады» [4, 13]. Шындығында Қорқыт дәстүрі Сыр бойында жаңаша дамып, руханият әлемінде өз орнын тапты. Бүгінгі күні Сыр өңірінде жыраулық дәстүр мақам сөз айтудың бірнеше нұсқасының сақталуы – соның айғағы. Әсіресе, қобызбен, домбырамен қосылып жырлаумен қатар қазақ дастанды әуезді әуенге салып, аспапсыз жырлау және аңыз-әңгіме түрінде баяндау осындай ерекшеліктерінен туындаған.

Қорқыт дәстүрі өз ізін тапты. Фольклорист-ғалым Рахманқұл Бердібаев: «Фольклордың байырғы жанрларының кейбіреулері уақыт өткен сайын ұмытылып, енді бірінің ортайып, дәстүрі үлсіреп отыратыны табиғи нәрсе. Сонымен қатар қайсыбір дәстүр жаңа дәуірде дамуға қабілеттігін байқатады. Жыршылық, термешілік, айтыс өнерінің жандануы осындай қызғылықты құбылыс», [5]-дейді өз зерттеу еңбегінде. Қорқыттың философиялық ой-пайымдары өзінің әрбір жырына сәйкес түрлі бағытта өріліп отырады. Мысалы, «Бесаттың Төбекөзді өлтіргені әңгімесінің баяны» жырында ізгілік пен зұлымдар ара-жігі образдар формасында байқалып жатса, «Қам Бура Бекұлы баласы Бәрік әңгімесінің баяны» жырындағы оқиғалар парасаттылықтың субстанциясы түрінде көрінеді. Бірде автор, бірде кейіпкерлер түрінде ой тастаушы Қорқыт ұлттың әлеуметтік дамуына жолбасшылық принциптер ұсынады. Ал дәл осындай данышпандық пәлсапа Сыр елі ақын-жырауларының шығармашылығына да тән. Нұртуған Кенжеғұлұлының «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» сынды эпикалық туындыларында, Бітімбай Қондыұлының «Қарабек», «Наурызбай батыр», Нұрсұлтан Жұбатұлының «Бегім Ана», «Жанқожа батыр» дастандарында ұлтымыздың рухани өрлеуіне қажетті пәлсапалық түйіндеулер, яғни Қорқыт үлгісіне тән жолбасшылық принциптер жеткілікті.

Сыр өңірі жырауларының мақам-саздарындағы көмекейден қайырылатын терең мақам домбыраның қос ішегімен қоңырлай басталып, безілдеп қайырылатын әуендері қобыз сарынынан домбыраға ауысып, жыршы, жыраулар жүрегінде сақталып келген. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа өшпес мұра болып жеткен.

Қорқыт дәстүрінің өміршеңдігінің бір белесі болса керек.

«Қорқыт ата» жырында:

Қылышыңмен несін мақтанасың кәпір,

Басы имек таяғыма келмес мына.

Беліндегі тоқсан оқпен мақтанасың кәпір,

Ала сапты сақпаныма келмес мына.

Жырақтан жақындап бері келген.

Жігіттерім соққысын көзің, сонан соң кетерсіңдер, -

деген жыр жолдары бар. Ал Қарасақал Ерімбеттің «Хазірет Ғали мен Мағауияның соғысы» дастанында:

Асынып зүлпұқарын мініп атқа,

Күн шығып, көп әскерге барды Ғали.

Күркіреп, найзағайдай жарқылдатып,

Суырып зүлпұқарды алды Ғали,

Қамыстай от жіберген пашырлатып.

Әскерге жалғыз ойран салды Ғали, -

деген тұрғыдан да бір арнадан бастау алғандығын аңғартып тұр.

Қорқыттан қалған нақыл, шешендік сөздері ойшыл данагөйдің өмірден көрген-түйгені мол, дүниетанымы кең көреген бейнесін береді. «Бетеге биікке теңесе алмас», «Бақ қанша гүлденгенмен, күзден қалмас», «Қорқаққа қылыш жұмсаудың қажеті жоқ», «Жылқы жемес арам шөптің өспегені мақұл». «Адам ішпес ащы судың ақпағаны мақұл». «Даңқ әпермес баланың әкесінің белінен шықпағаны мақұл, құрсағынан ананың шықпағаны мақұл». «Жалған сөздің дүниеге келмегені мақұл». «Ескі темір біз болмас, ескі дұшпан дос болмас», «Есекке қанша жүген салғанмен, ат болмас», «Шыққан жан қайтып кірмес», «Ажал келмей кісі өлмес, өлген адам

тірілмес», «Жер қадірін ел біледі, ел қадірін ер біледі», «Ұл жарылқап ас бермес-әке үлгісін көрмесе», «Қызы ақылды ескермес-ана үлгісін көрмесе», «Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды», «Ат қиналмай жол шалмас». Сан ғасырлардан өтіп бүгінге дейін жеткен ұшқыр ойлы, сөздері ырғақ пен ұйқасқа құрылған, мазмұны мағыналы нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні де өміршен.

«Тарихтың бір қасиеті түпжаратушыға ұқсастығы: ол асықпайды. Құпиясын жүздеген емес, мыңдаған жылдар бүгіп жата береді. Құпияның ақиқатын ашу – ғалымның борышы, өзімізді танудың алғышарты. Өзін өзі таныған халық пен ел ешқашан жүрісінен де, жолынан да жаңылмайды. Демек, тарих пен тәуелсіздік – тамырлас. Екеуінің де болашағы жарқын болғай» [8], дегендей Қорқыт мұрасы тарихтан өзіндік орнын алған.

Қорқыт ата мұрасы – бүкіл түркі халқының V-VIII ғасырдан кейінгі әдебиеті мен мәдениеті негіз болып қаланатын іргетас. Қорқыт дәстүрі – руханият әлемінің бастауы. Ал сыр елінің ақын-жыраулары – Қорқыт дәстүрінің заңды ізбасарлары. Қорқыттың жыры, күйі, әуені сан ғасырлар бойы Сыр өңірінің аспанында шырқалып тұрды. Қорқыт көтерген идея, ол іздеген мәңгілік рухани өмір кеше де, бүгін де Сыр елі ақын-жырауларының шығармашылығына бастау болды және сол дәрежеде қала бермек.

Г.С. Оралова

Кызылординский государтвенный университет имени Коркыт Ата, Казахстан

ТЮРСКИЙ МИР И ТРАДИЦИИ КОРКЫТ

Аннотация. Статья затрагивает вопросы истории, культуры и литературы тюркских народов, требующих всестороннего комплексного изучения. У каждой эпохи своя летопись. В статье говорится об эпохе, заслуживающей исторического диалога, о произведениях, находящих отклик в сердцах многих поколений и во все времена, являющихся подлинным восприятием народа, непрерывным продолжением преемственности поколений, оцениваются важность настоящего художественного наследия. Идет толкование художественного восприятия нашими предками фольклора бескрайней степи, привитый вкус к художественному наследию народа. Речь идет о народной культуре, национальной и духовной стороне мировоззрения, источником которого является наследие Коркыта как продолжение художественной традиции тех лет. Кроме того, были проанализированы традиции Коркыта, его духовный мир в современном видении. Идея, затронутая Коркытом, о поиске вечной духовной жизни и по сей день имеет отражение в произведениях поэтов Сыра, также является фундаментальной в их творчестве. Проанализировав исполнения акынов-дастанов, с кобызом, домброй, мелодиями наложенными на музыку, исследовав легенды, воспетые поэтами можно сделать окончательный вывод, что наследие Коркыта-это бесценное сокровище, обогащающий духовный мир человека.

Историю тюркского народа составляют истории разных национальностей. Духовная сила каждого народа проявляется в его литературе. Народное искусство слова в том числе. С устной литературы более подробно проявляется мировоззрение, духовное развитие, мечты, интересы, социальные и общественные взгляды народа. До этого были проведены несколько исследований относительно древнейших времен тюркских народов. В ходе реализации основных направлений программной статьи Главы государства Н.Назарбаева «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» и «Ұлы даланың жеті қыры» опубликованы несколько книг и произведений касательно истории тюркского мира и развитию независимого Казахстана.

Истинная история тюркских народов еще не до конца изучена. А без прошлого - нет будущего. Следует систематически рассматривать архивные материалы других государств, изложенные в докладе о тюркских народах, обобщая их исследовательские труды, научные достижения, написанные до этого периода. Связь тюркских народов между собой лежит в древнем наследии. На протяжении многих веков духовное наследие тюрков передается из поколения к поколению, мы видим продолжение непрерывных связей и преемственности традиций. Одним из них считается наследие «Коркыт», которое представляет культуру и мировоззрение нашего народа, традиции и духовные ценности. На сегодняшний день в фольклористской, тюркологической науке немало исследований, связанных с огуз-кыпчакской культурой. Литературно-культурное наследие Коркыта бессмертно. Из его летописи, панно, а также научных трудов исследователей мы узнали, что прародитель поэтов-акын, великий күйші, основоположник тюркского музыкального искусства Коркыт искал бессмертия и тем был знаменит в 8 веке до нашей эры. Из его сказаний понятно, что каждому человеку лучше всего на родной земле. Мелодии Коркыта и созданный им инструмент странствуют по Земле, а имя его осталось бессмертным в струнах кобызы и в сердцах людей. Его труды – это фундамент, основой которого является литература и культура всего тюркского народа после V-VIII веков. А поэты земли Сыра являются последователями этих традиций. Идея, которую выдвинул Коркыт, вечная духовная жизнь, которую он искал, была и вчера, и сегодня, и начинается с творчества поэтов-жырау Сыр ели.

Ключевые слова: художественное познание, преемственность традиций, новизна, фольклор, художественное наследие, духовный мир, историческая реальность, исторические данные, регионы Сыра, поэтическое искусство.

G. S. Oralova

Korkyt Ata Kyzylorda state University, Kazakhstan

TURKIC WORLD AND TRADITIONS OF KORKYT

Abstract. The article covers issues of history, culture and literature of the Turkic peoples that require a comprehensive study. Each era has its own chronicle. The article talks about an era that deserves a historical dialogue, about works that ring a bell in the hearts of many generations and at all times, which is a true perception of the people, a ceaseless continuation of the succession of generations, evaluates the importance of this artistic heritage. There is an interpretation of our ancestors' artistic perception of the boundless steppe's folklore, a grafted taste for the artistic heritage of the people. We are talking about folk culture, the national and spiritual side of the worldview, the source of which is the heritage of Korkyt, as a succession of the artistic tradition of those years. In addition, the traditions of Korkyt, his spiritual world in the modern vision were analyzed. The idea touched upon by Korkyt about the search for eternal spiritual life to this day is reflected in the works of the poets of Syr, which is also fundamental in their work. After analyzing the performances of akyns-dastans, with kobyz, dombra, melodies imposed in music, examining the legends sung by poets, we can conclude that the legacy of Korkyt is an invaluable treasure that enriches the spiritual world of man.

The history of the Turkic people contains stories of different nationalities. The spiritual power of each nation is manifested in its literature. Folk art of the word is also included. From oral literature, the worldview, spiritual development, dreams, interests, social and public views of the people are explicitly shown. Several studies were conducted on the ancient times of the Turkic people prior to this. Several books and works on the history of the Turkic world and the development of independent Kazakhstan were published during the implementation of the main directions of the program article of the Head of state N. Nazarbayev "Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity" and "Seven facets of the Great Steppe",

The true history of the Turkic people has not yet been fully studied. There is no future without the past. It is necessary to systematically review the archival materials of other states, presented in the report on the Turkic people, summarizing their research works, scientific achievements written before this period. The connection between the Turkic people lies in the ancient heritage. For many centuries, the spiritual heritage of the Turkic people has been passed from generation to generation, and we see the continuation of ongoing ties and tradition.

One of them is considered to be the heritage of "Korkyt", which represents the culture and worldview of our people, traditions and spiritual values. There are many studies related to the Oguz-Kipchak culture in folklore and Turkological science for today. Literary and cultural heritage of Korkyt is immortal. From his chronicle and scientific works of researchers, we learned that the ancestor of the poets-akyn, the great kuishi, the founder of the Turkic musical art Korkyt searched for immortality and was famous in the 8th century B.C.

From his stories, it is clear that every person is best on their native land. Melodies of Korkyt and the instrument he created travel the earth, and his name remains immortal in the strings of kobyz and in the hearts of people. His works are the foundation of the literature and culture of the entire Turkic people after the V-VIII centuries. And the poets of the Syr land are followers of these traditions. The idea that Korkyt put forward, the eternal spiritual life that he was looking for, was both yesterday and today, and begins with the work of poet-zhyrauz of Syr land.

Key words: artistic knowledge, succession of traditions, novelty, folklore, artistic heritage, spiritual world, historical reality, historical data, regions of Syr, poetic art.

Information about the authors:

Oralova Gulzira Saparovna – candidate of philology, Korkyt Ata Kyzylorda state University, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-7616-5499>

REFERENCES

- [1] Dictionary of terms of literary criticism / Compiled by Z. Akhmetov, T. Shanbaev. Almaty: Mother tongue, 1996. 240 p.
- [2] Margulan A. Ancient myths. Almaty, 1984.
- [3] T.B. Gafurbekov, A.K. Omarova, A.Zh. Kaztuganova. modernization of traditional musical culture of the kazakhs in the era of globalization. News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. ISSN 1991-3494 Vol 6, N 376 (2018), P.165–171. <https://doi.org/10.32014/2018.2518-1467.41>
- [4] Negimov S. The poet is the embodiment of the zhyrau language. Almaty: Science, 1991. 200 p.
- [5] Konyratbayev A. History of Kazakh folklore. Almaty, 1991.
- [6] The Book of Korkyt Ata. Almaty, 2009.
- [7] Berdibaev R. Sarkylmas treasury. Almaty, School, 1982.
- [8] The genius thinker of the Turkic world. Kyzyl, «Tumar», 1998.
- [9] Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. 2013, No 6. p. 134.

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

Редакторы: *М. С. Ахметова, Г. Б. Халидуллаева, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 19.03..2020
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
14 п.л. Тираж 500. Заказ 2.